

№28 Станционный сайлау округі бойынша «Нұр Отан» партиясынан Павлодар облыстық мәслихатына депутаттыққа кандидат

ҚАЙРАТ РҒАЙБЕК

Тереңнен ойлау – нақты әрекет!

Бұрынғы әскери адам Қайрат Рғайбектің өмірлік тәжірибесі бай және жан-жақты. 1967 жылдың 20 наурызында туған. Семей облысы Аягөз қаласында өсті. Еңбек жолын қарапайым теміржол жөндеушісі болып бастады.

Үш жоғары білімі бар: Череповец жоғары әскери инженерлік радиотехника училищесін «Командалық-тактикалық байланыс» мамандығы бойынша аяқтаған, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін «құқықтанушы» біліктілігімен тәмамдаған, Лев Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің жанындағы халықаралық қатынастардың дипломатиялық академиясын меңгерді. Парсы тілін біледі.

8 жылдай Қарулы күштерде және 10 жылдан аса кеден органдарында қызмет еткен. Әскери қызметтен оралған соң кеден органдарында, экономика және сауда министрлігінде, «Қазақстан темір жолында», Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппаратында, ТЭК «Батыс» ЖШС-де, «Казатомпром» ұлттық компаниясында, «Байкен-У» ЖШС-де басшылық қызметтерде болған. Қазір «Богатырь Көмір» ЖШС-нің атқарушы директоры. Отбасы бар, екі бала тәрбиеленіп отыр. «Нұр Отан» партиясының мүшесі. Ел Президентінің Жарлығымен «ҚР Конституциясына 10 жыл» медалімен марапатталған.

Құрметті жерлестер!

Егер маған депутат болу мүмкіндігі берілетін болса, біздің өңіріміз бен тұрғындардың игілігі үшін барлық күшімді, білімім мен тәжірибемді саламын.

Депутаттық жұмыс өзара сенімділік пен түсінушілікте құрылатындығына сенімдімін. Табысқа жеткен жағдайда мен бұл принципті ережелерді ұстануға, сайлаушылардың негізгі ұсыныстарын бағдарламама енгізуге, олардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға міндеттенемін.

Мен келесі міндеттердің орындалуына барынша күш саламын:

- Елбасының дағдарысқа қарсы стратегиясын іске асыруға жағдай жасаймын;

- алға қойылған міндеттерді шешуде жергілікті өзін-өзі басқару органдарының (мәслихаттың) ролін көтеруге қолдау көрсетемін;

- мемлекеттік-жеке серіктестік тетігін



дамытуға;

- инвестициялық ахуалды жақсартуға, шағын және орта бизнесті қолдауға;

- тұрғындарды жұмыспен қамтудың әрекет етуші бағдарламасының қабылдануына қол жеткізуге;

- білім беру мен тұрғындарға медициналық қызмет көрсету сапасының көтерілуін қолдауға;

- облыстың әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасының орындалуын бақылауға;

- ТКШ жетілдіру мен тұрғын үй қорын жөндеу бағдарламасын қаржыландыруды ұлғайтуға қол жеткізу;

- өңірді көгалдандыру мен абаттандыруға ықпал етуге;

- коммуналдық тарифтерді қалыптастыруға белсенді түрде қатысуға;

- тұрғындардың әлеуметтік осал тобына көмек пен қолдау көрсетуге (зейнеткерлерге, мүгедектерге, көпбалалыларға);

- жастардың лайықты өмір сүріп, жұмыс істеуіне жағдай туғызуға;

- өндірісте білікті жұмыскер кадрлардың жетіспеушілігі проблемасын шешуге қолдау көрсетуге.

- ұлтаралық қатынасты одан әрі дамытуға қолдау көрсетуге.

Шынайылық пен адалдыққа, жауапкершілік пен жеделдікке кепілдік беремін.

Мен әділдік пен тұрақтылықты жақтаймын!

Республикалық сайлау қорының қаражатынан төленді.
Шығарылымға жауапты Қанат Алдабаев